

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/OSDI2040>

***Г. Б. Жумадилова¹, Ж. Қ. Сағынтаева², Ә. П. Шаһарман³**

¹Орталық-Қазақстан академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;

²Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³Торайгыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: gul_mirka_01@mail.ru

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ АҚТОҒАЙ ӨҢІРІ ТОПОНИМДЕРІНДЕГІ АҢЫЗДАРДЫҢ КӨРІНІСІ

Аңыз әңгімелер – жеріміздің елді мекендері, географиялық орындарының тарихынан сыр шертетін халық ауыз әдебиетіндегі құнды жанрдың бірі. Елімізде тарихи-филологиялық зерттеуді қажет ететін мұндай объектілер көптеп келеді. Аталмыш жанр арқылы әр халықтың өзіндік ерекшелігін, менталитетін көруге болады. Бұл осы тақырыпты зерттеудің өзектілігі де болып табылады.

Мақалада Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы топонимдерінің этимологиясы және ел аузындағы аңыздардағы көрінісі қарастырылады. Сол ауылды мекеннің болмыс-тіршілігі, өмір сүру салты, әдет-ғұрпы ашылып сипатталады. Топонимикасын зерделеу арқылы халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, өзіндік ұстанымы, рухани байлығы көрініс беріп, кейінгіге мұра боп жинақталды. Талай дара таланттардың мекені Ақтоғай ауданы бойынша аңызға тұнған көптеген мекендердің аталу тарихы мен шығу негізі анықталып, жинақталды. Сол жерде дүниеге келген, мекендеген тарихи тұлғалар топтастырылды. Алашорданың үш көсемі, халқымыздың біртуар ұлдары Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермековтерден бастап, басқа да би-ешендер, әнші, батырлар шыққан алтын құрсақты қасиеттілігі дәйектеле ашылды. Ардақты тұлғалардың есімі аталмыш мекенмен тығыз байланысты. Өңірде атаулары бар болғанмен, тарихы ашылмай жатқан біраз жерлер бар, соған орай әртүрлі дереккөздерден аңыздар жинастырылды, өңірдің қариякөз ақсақалдарынан сұхбат алынып, әңгімелері жинақталып ұсынылды. Мақалада Ақтоғай өңірі топонимикасы атауларын анықтаумен

қатар халқымыздың ерекше болмысы, батырлығы, жомарттығы, отансүйгіштік, бауырмалдық, мейірімділік қасиеттері мен таным-түсінігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы танылады. Жер-су аталымына байланысты аңыздар желісінен аңыздар мен топонимдер этимологиясы арасында мағыналық, номинациялық байланыстарды байқауға болады. Яғни аңыздар мазмұны мен топонимдер атауының этимологиясы өзара байланысты алынған.

Кілтті сөздер: топонимдер, географиялық атаулар, топонимикалық аңыздар, ежелгі ауыз әдебиеті, этимология.

Кіріспе

Географиялық атаулар адам қолымен жасалған ескерткіштердің ең көнесі деуге болады. Оларда ел, жер тарихымен қатар басқа кеңістіктерді игеру тарихы, халықтың әлеуметтік қарым-қатынасы мен рухани байлығы көрініс тапқан. Географиялық атаулар – көне мен жаңаның, әртүрлі ұлттардың арасының байланысы. Ғасырлар өтіп, ландшафттар өзгеріске түсіп жатса да, атаулардың өмірі әлі жалғасуда. Олар ел аузында аңыздар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған.

Әрбір халықтың болмысы, оның жер бетіндегі өмір-тіршілігі сөзбен таңбаланады. Халық тіліндегі осындай дәйекті де деректі атаулардың күрделі бір саласы – топонимдер, яғни әралуан географиялық объектілерге тағылған тілдік айырым белгісі болып табылады.

Топонимиялық деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан, тіл ішінде өз алдына сұрыпталған лексикалық қабаг ретінде өмір сүреді. Бұл атаулар географиялық карталарда, анықтама әдебиеттерде хатталып отырады. Ал ежелгі дәуір топонимдері, сонымен бірге, халықтың этнографиялық, қоғамдық-әлеуметтік жай-күйінен, өткендегі тіршілік қалыбынан әрқилы мәлімет беретін аңыз-әңгімелерінде, жыр-дастандарында, ертегілерінде біраз сақталады. Әрине, ондай деректердің бәрі тарихи шындық тұрғысынан аса дәлелді болмағанымен, белгілі бір өлкені мекен еткен халықтың ой-арманын, кәсібі мен әрекетін танытатын елеулі тілдік-әдебиеттік кепілдеме ретінде сөздік қорымыздың құрамынан тиісінше үлесін алады [1, 45].

Материалдар мен әдістер

Топонимикалық аңыздар – ежелден келе жатқан, белгілі бір аймақтағы географиялық нысандар (таулар, өзендер, көлдер және т.б.) және елді мекендер туралы халық арасындағы кеңінен танымал аңыздар. Топонимикалық аңыздардың басты ерекшелігі – олар топонимдердің географиялық ерекшеліктері мен елді мекендердің сипатын, шығу тегін немесе атауын түсіндіреді.

Топонимикалық аңыздарды зерттеудегі басты мәселе – қазір әр ауылда аталарынан, арғы аталарынан естіген аңыздар мен дәстүрлерді жадында сақтайтын ежелгі әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің білгірлерін кездестіруге болмайтындығы. Мұндай аңыздар аз, бірақ олардың мазмұны бойынша бұл әңгімелер тұрақты, өлкенің тарихын бейнелейді, сондықтан оларды уақыт та, баяндаушылардың өзі де өзгертпейді, бірақ олардың кейбіреулерінде кейіпкерлердің аттарының ауыстырылғанын байқауға болады, олар әр жерде әртүрлі айтылады. Қазіргі таңда топонимдердің этимологиясын зерттеуде оларды топонимикалық аңыздар көрінісі арқылы зерттеуге бет бұрылуда, өйткені олар баға жетпес мәдени мұра болып саналады. Аңыздар табиғатқа, тарихи идеяларға, күнделікті даналыққа деген ежелгі поэтикалық көзқарастарды бейнелейді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан топонимикалық аңыздарда халықтың тарихы, оның өмірі, әдет-ғұрыптары баяндалады, сонымен бірге оның қоршаған ортаға, дүниеге көзқарастары көрінеді.

Зерттеу мақсатына қол жеткізуде, алдымен, теориялық зерттеу әдістері қолданылды, яғни Қарағанды облысы Ақтоғай өңірі топонимикасын зерттеуде топонимика түсінігіне, оның ерекшелігіне, аңыз әңгімелер, оның түрлері жайында жазылған еңбектер тізімі жасалды, яғни әдеби қор жинақталды, ондағы ғалымдар пікірі салмақталып, салыстырмалы түрде теориялық талдаулар, қорытындылар жасалды. Әртүрлі материалдардан Ақтоғай өңірі жер-су аттарына байланысты аңыздар жинастырылды, оны тексеру, нақтылау жұмыстары жүргізілді. Аталмыш өңірде зерттеуді қажет ететін, әлі анықтауы нақтыланбаған мекендері белгіленді. Сол елде ертеден тұрақтаған қариякөз адамдармен кездесіп, әңгіме-сұхбат әдісі жүргізілді. Алынған барлық материалдар негізінде тақырып төңірегінде қорытынды-тұжырымдар жасалды, ғылыми деректермен дәйектелді.

С. А. Қасқабасов былай деп есептейді: «...аңыздың тарихи және топонимикалық болып бөлінуі таза шартты. Мағынасы бойынша топонимикалық дәстүрдің нақты негізі бар, ал тарихи дәстүрде топонимикалық мотив те жиі кездеседі. Көбінесе мұндай жағдайларда аңыздың мазмұны емес, тақырыбы немесе мотиві топонимикалық сипатта болады, сондықтан жанрдың бұл екі түрін ажырату өте қиын» [2, 156].

Халық ауыз әдебиетінің туындылары ішіндегі деректі ұғымдардың бір арнасы – ел-жұрттың, халықтың жайлаған, көшіп-қонған мекендері, географиялық ареалын танытатын жер-су атаулары болмақ. Осы мақалада Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы топонимдерін ел аузындағы аңыздармен астастыра қарастыруды мақсат етіп отырмыз.

Ақтоғай өңірі – барша Алаштың мақтанышы. Бұл өлкеден еліміздің ардағына айналған талай перзент дүниеге келген жер. Олардың арасында

талай от ауызды шешендер, қол бастап, ел тыныштығын найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған батыр да, небір майталман күйші мен жезтаңдай әнші де бар. Алашорданың үш көсемі, халқымыздың біртуар ұлдары Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермековтер – осы Ақтоғай перзенттері. Қараменде би, Сана би, Шабанбай билердің дана, шешендік сөздері ел жадында, Әсет, Нарманбет, Шашубайдың өлеңдері мен Манарбек, Аққыз, Күләштің ән-күйлері, ел қорғаны болған Дос, Жалаңтөс, Жидебай батырлардың есімдері де осы өлкенің тарихымен тығыз байланысты.

Көптеген жерлердің атаулары сақталса да, олардың тарихы көмескі екені жасырын емес. Ал қайсыбірі жөнінде ел аузында тек аңыз әңгімелер ғана қалған. Бұл өңірде Қайдауыл-Шеруке деп аталатын жер өзінше тұнған бір сыр. Осы жерден сансыз бұлақ қақ жарылып, екі бағытта ағады да, екі үлкен өзенге бастау береді. Оның батысы Шерубай – Нұраға, шығысы Тоқырауын өзеніне арна ашады. Сондықтан болар бұл жерді тұрғындар атақты Сарыарқаның кіндігі десе, Қайдауыл-Шерукені бұлақ ағысына қарай су айырығы деп атайды [3, 5].

Жалпы ауызекі сөйлеу тілінде инверсия құбылысы сирек кездесетін болғандықтан, аңыздың топоним этимологиясына қатысы болмауы да мүмкін. Жергілікті халық топонимнің атауынан дыбыстық ұқсастық тауып, осыған байланысты аңыз тудыруы да мүмкін.

Ақтоғай ауданының топонимдерінде көптеген тарихи оқиғалармен байланысты аңыздар көптеп кездеседі. Сарыарқаның сауыры – Ақтоғай жерінде қалмақтардың моласы көп, «Қалмақ қырылған» деген жер атаулары да бар. Мұның өзі бұл жерлерде қалмақтармен жиі соғыстар болғанын дәлелдейді. Осыған байланысты жер-су атауларының атаулары осы тарихи оқиғаларға байланысты, ел жадындағы батырлар атымен байланысты аңыздар көп кездеседі. Сондай топонимдердің біразы Құлық Жалаңтөс батыр атымен тығыз байланысты.

Жалаңтөс 1696–1768 жылдары өмір сүрген, ол осы төңіректегі ең биік тау Қызыларайдың күнгейіндегі Қаратал өзені маңында дүниеге келген. Жалаңтөстің әкесі Жансары – Қаракесек руының Сарымы. Жансарыны жеңгелері әзілдеп Құлық атандырған, елдің аты да осылай аталып кеткен. Құлық ағайынға мейірімді, біртоға, шаруасын баққан адам болыпты. Баласының үлкені – Жалаңтөс, жастайынан қолына найза алып, елін жаудан қорғауға қатысқан, ел арасындағы дау-жанжалдарға қатысып, билік айтқан. Осы күнге жеткен ел аузындағы Жалаңтөс батыр айтыпты деген өсиет-ақыл сөздерден Жалаңтөстің тек батыр ғана емес, сөз бастаған шешен, данагөй, ел қамын ойлаған ақылгөй болғандығын көреміз. Аудан аймағындағы біраз топонимдер Жалаңтөс батырдың есімімен байланысты деп жоғарыда айтып өттік, енді соларға тоқталып өтелік.

Қалмақтармен болған шайқастарға байланысты қойылған атаудың бірі – Айтқанқорық. Жалаңтөс батыр Қазыбек бидің бес ұлдан кейінгі кызы Маңқанды ұзатып әкелгенде, алғаш кереге жайып, шаңырақ көтерген жері – Қызылтастың күнгейіндегі Басқорық екен. Бұл жер шалғынды, мол тоғайлы, құйқалы мекен. Қалың тоғайдың ішіне кірген мал шөпті кертіп жеп, қыста да қоңын жоғалтпайды. Қорықтың солтүстігі мен шығысында созылып жатқан Қызылтас – желге қалқан. Басқорықтың қысы жұмсақ. Күнгейде жатқандықтан қорықтың қары басқа жерлерден бір-екі жұма бұрын ериді. Осындай жер жаннатына қалмақтардың қызығуы ерекше. Көктемде жайлауға көшуге әзірленген Жалаңтөс ауылын шауып алуға келген Корен қалмақ әскері Ортақорыққа келіп бекінеді. Басқорықтың күнбатыс жағында Жәмшіге баратын жалғыз жол Қараағаш кезеңінен асады. Жол өтетін қайқаңнан ені ат шаптырым ор қазып, жалғыз өткелді иемденген қалмақтар елге жаушы жіберіп: «Басқорықты соғыспай беріңдер, әйтпесе ерің құл, әйелің күң болады», – деп қатер төндіреді.

Батырлар мен ақсақалдарды жинаған Жалаңтөс:

- Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, тәуелділіктен құтылмайды. Сарыарқаның беліндегі елді бостыру – қалмақтың негізгі арманы. Бізді Тоқырауын мен Жәмшіден айырып, елдің өзегін талдыру – жаудың мақсаты. Тез соғысқа аттанайық, халайық!, – деп қысқа қайырады.

Жалаңтөстің тапсыруымен көршілес Қожағұл, Көшкін аталардан және Тоқырауындағы қалың елден қол жиналады. Осы шайқаста қашқан жауды түре қуған Жалаңтөс әскері Ұрынқайдағы елді азат етіп, Именкті жаудан босатып, Балқаш көліне дейінгі елді жаудан азат етеді. Елін, жерін қалмақтан азат еткен Жалаңтөс Қосшоқының етегіндегі Қасқабұлаққа келіп, жау бекінген Ортақорықта көл-көсір той жасап, көршілес Әлтеке, Керней елінен көп адам шақырады. Жау бекінген қорыққа бозқасқасын айтып сояды. Осы жеңістің құрметіне бұл жер «Айтқанқорық» аталсын деген де Жалаңтөстің өзі екен [4, 12].

Жалаңтөстің әкесі Жансары Жалаңтөс алғаш Жібекпен отау құрғаннан кейін Түкөденің теріскейі қалың бұйрат, одан бірнеше өзен бастау алады да, Түкөдеге келіп жайылады, сол жерге барып орнық деп жібереді. Жалаңтөс пен Жібек бірнеше үй көршілерін алып, еншісіне жылқы мен жүздеген қара қозыларды алып, Майтастың Тоқырауынға қараған жағындағы қатпарлы бөктердің ортасында оқшау тұрған Қарашыңға келіп қоныстайды. Алғаш қозы күземді алып, жайлаудан күзекке беттеген Жалаңтөс пен оның үлкен ұлы Алтай ауылының жігіттері Түкөдеге келсе, созылып жатқан кең жазықта қатарлап тігілген көп шатырлар мен ұшы-қиыры жоқ қалың қолға кез болады. «Жердің иесі Қосабәк пен Қорегу батырлар» деген сәлем жеткен Жалаңтөс Тоқырауын бойындағы елге, Балқаш жағасындағы Тобықтыға «Тоқырауын

жағасындағы Ақтұмсыққа екі күн ішінде жігіттер жіберсін» деп сәлем айтады. Ақтұмсыққа екі күнде мың жарым қол жиналады. Жалаңтөс қалың тоғайдан тал кестіріп, өзеннен өтетін сал әзірлетеді. Қалың қолды бастаған Қосабак Алтайдың, Қорегу Жалаңтөстің қолынан қаза тауып, қалмақ әскері талқандалады.

Тобықты елін бастап келген әулие би Қарамеңде Жалаңтөске, Сарымның бірнеше батырларына:

- Жер – біздің анамыз. Анамызды қаскөй жаудан қорғаған, ел қорғаған батырларға саулық, елге ынтымақ-береке берсін жасаған! Арқаның жоны Ақтоғай өңірін қорғауда, батыр ағамыз Жалаңтөс, сіздің еңбегіңіз ерекше! Сіздің ата қоныс, құт-мекенің «Қарақозы» аталуға лайық, – деп бата берген екен [4, 17].

Жидебай селолық округінің аймағында орналасқан Көрпетай және Нұртай тауларының атауларына байланысты ел аузында жүрген аңыз бар. Бұл аңызды сол жердің тумасы Айтпаев Жайлау ақсақалдың айтуынан жазып алдық. Ол кісінің айтуынша, Көрпетай және Нұртай таулары туралы ел аузында екі түрлі аңыз бар.

Осы өлкені жайлаған бір ірі байдың Көрпетай және Нұртай атты екі баласы болған екен. Олардың жайлаған жерлері осы екі таудың аясы болыпты. Таулардың атаулары да осы қоныстарына байланысты қойылса керек деген жорамал айтады.

Ел аузындағы осы тауларға байланысты екінші аңыз былай дейді: «Баяғыда осы өлкеге Қызылорда жақтан Табын ұрпақтары көшіп келген. Табынның Көрпетай есімді жігіті осы өлкенің тумасы Нұртай атты аруға көңілі ауады екен. Бірде түнде келе жатқан Көрпетай мен Нұртай бір-бірін танымай найзаласып қалыпты. Ауыр жарадан қайтыс болған екі жасты екеуі найзаласқан дөң басына жерлепті. Дөңнің екі жағындағы тұрған тауларға Көрпетай, Нұртай есімдерін беріпті. Омаш бейітінің тұсында Көрпетай мен Нұртайдың қорымдары бар дейді. Айтпаев Жайлау ақсақал: «Ол жерде тастан қаланған қорымның бар екені рас, бірақ ол қорымдарды халық қалмақтардың қорымы деп айтады», – дейді.

Төмендегі жерлердің тарихы да Айтпаев Жайлау ақсақалдан жазылып алынған деректер.

Қарабие деген қыстаудың аты сол жерге аунаған бие, ала болсын, құла болсын қап-қара болып шығады екен. Осы белгісіне қарап ол жер Қарабие аталған екен.

Бесбала қыстауының атауы баяғыда бір жанұяның бес баласы бір күнде қайтыс болған екен. Осы қайғылы оқиға болып, бес бала жерленген жер Бесбала деп аталған деген сөз бар.

Орталық Қазақстан өңірі – ежелгі ауыз әдебиеті нұсқаларына бай болып келеді. Осы бай мұраның бір бөлігі жер-су атауларына байланысты. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында кездесетін 75 топонимнің басым көп бөлігі Орталық Қазақстан жерінде осы уақытқа дейін өзгеріссіз сақталып қалған. Оларға қатысты аңыздар да көп жайлардан хабар береді.

Бастауын Қызылтас тауының баурайындағы бұлақтардан алатын Жәмші туралы ел аузындағы аңыз «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырымен байланыстырады. Баян сұлудың сәлемдеме ретінде жіберген жамшысы осы өзен бойына түсіп қалып, содан бері өзен Жәмші аталған дейді. Жамшы – жапқыш, жамылғы. Жақсы матадан оюлап кестеленеді. Жырда «көк жамшысы артынан түсіп қалып», – деп жырланады. Сонымен қатар жақсы аттың жабуы ретінде де қолданылады. Атаудың жартылай шөлейтті өңірдегі өзен мен өзен алқабындағы жамшыдай жасыл алқапты жамшыға (жәмшіге) салыстыру барысында аталғаны сол жердің географиялық көрінісімен үндесе түседі. Атақты академик Ә. Марғұлан бұл атауды қазақ шежірелеріндегі үш жүздің шығуы жайлы аңыз-әңгімелермен байланыстырады. Ә. Марғұланның айтуынша, қазақтар өздерінің арғы тегін Уыз (Оғыз) елінен таратады. Олар кейде көшіп, кейде қалада отырған ел болған. Қазақтар уыздардың үш-оқ тайпасынан тарайды. Оқ-көне түркі тілінде «тайпа», «ру» деген мағына береді. Үш-оқ – «үш тайпа ел» деген ұғымды білдіреді. Кейін қазақтардың үш жүзге бөлінуінің негізі осыдан шыққан деген көзқарас бар. Жәмші – сол Үш-Оқтан тараған қазақтардың бір тайпасының аты деген болжам айтады. Аудан табиғаты шөлейтті жерге тән болғандықтан, өзен алқабының жайқалған жасыл табиғатын жамшыға теңеуінен туған атау екендігіне көз жеткіземіз.

Ақтоғай ауданындағы ең ірі өзен Тоқырауын атауы туралы аңыз «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырымен байланысты. Ол кезде Тоқырауынның тоғайы ит тұмсығы өтпейтін қалың, суы өткел бермейтін ағынды болған екен. Бұл жөнінде «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырында:

Ер Айбас Тайкөк атпен тағы шапты,

Арасын тамам талдың оймен тапты.

Дейтұғын өзені осы Тоқырауын

Сол жерде үш күн жатып, тоқырапты, – деп Айбас батырдың өзі мен Тайкөк атқа жол салу үшін үш күн тоқтағаны сипатталады. Айбас батырдың осы жерде үш күн тоқырап жатуына байланысты өзен Тоқырауын аталған деген жорамал бар. Жоғарыда аталған Жәмші, Тоқырауын атаулары таза қазақ тілінде жасалғанына қарамастан, мағыналары күңгірт. Ол топонимдердің этимологиясын қарастыруға аңыздар ой салып, жол ашады. Яғни, аңыздарға негіз болған географиялық объектілердің сыртқы көрінісін, орналасу ерекшелігін, аңызға қатысты атаумен мағыналық байланысын т.б. себептерін ескеру барысында топоним этимологиясын ашуға қажетті

логикалық пайымдауларға қол жеткізуге болады, - дейді белгілі ғалым А. Жартыбаев [5, 120].

Нәтижелер мен талдаулар

Жоғарыда айтылған екі топонимге қатысты айтылған аңыздар желісінен аңыздар мен топонимдер этимологиясы арасында мағыналық, номинациялық байланыстарды көруге болады. Мұндағы жай сөздер (тоқырау-ын, жәмші) мағынасына географиялық объектілердің ерекшеліктері мен сыртқы көрінісінің жуықтығы, сәйкестігі ұқсас келуіне орай мағына жылысып, сөздер топонимдерге айналған. Яғни жырдағы оқиғалардың өрбуіне бұрыннан бар жер-су атауларының географиялық ерекшеліктері халықтық таным-түсінікпен үндесіп жатуына сәйкес негіз болған. Жыршылар жырдағы Баян сұлудың Қозыға жіберген сәлемдемелерін әрбір топонимнің формалық, мағыналық ұқсастықтарына қарай әр жерге түсіріп отырған. Қыз жамшысын – жамшыға түсірсе, Айбастың Көктайы Жауыр тауында жауыр болса, өзі Тоқырауын өзенінде бөгеліп, тоқырап қалады. Бұл жайлар топонимдердегі халықтық этимологияның белгілі бір негізге сүйенбей, жайдан-жай жасала бермейтіндігін дәлелдейді. Халық аңыздарындағы жер-су атауларына қатысты оқиға бірнеше топонимдерді тұтастай қамтитын болса, ол топонимдердің ара қашқытығы, формасы мен көлемі, сапасы сияқты басқа да белгілерінің шындыққа сай келуі қатаң ескеріледі.

Бүкіл Еуразия аумағына тараған Бегазы-Дәндібай мәдениеті қола дәуірінің соңғы кезеңіне жатады. Осы мәдениеттің ескерткіштерін Ақтоғай ауданында алғаш рет Әлкей Марғұлан ашқан болатын. Академик Ә. Марғұлан осы Бегазы тауының Манас батырдың Аққұла тұлпарының мекенінің бірі дей келіп, төмендегі аңызды мысалға келтіреді: «Ақтоғай, Тоқырауын қазақтарының қария сөзі бойынша, Ер Манас Ер Көкшенің баласы-мыс. Оның Аққұла атының жайылған жері Бегазы тауының бөктері. Аққұла күндіз Бегазы тауының іргесінде жайылып, түнге қарсы үстіне шығып, Тас-Ақырдан шөп жейтін болған-мыс. Қазақтардың айтуы бойынша Аққұла шөп жеген Тас-Ақыр, оның су ішкен Тас қазаны Бегазы тауының басында әлі күнге сақталған. Сол жерде тұлпар аттың тұяғының таңбасы бар, оны қазақтар Манастың Аққұласының тұяғынан түскен таңба деп дәріптейді» [6, 368].

Қазіргі Ақтоғай ауданына қарасты Қоңырат кенішінің жан-жағы жазық, осы жазықта үркердей болып бірнеше шоқылар жиынтығы бар. Бұл төбелердің Қоңырат атауын жергілікті тұрғындар төмендегі аңызбен байланыстырады. Ерте кездерде осы өңірде бір қатыгез бай өмір сүріпті. Құлын байлап, бие сауғызып жүретін бір жігіт ұзын желідегі бір құлынның буынып өлгенін байқамай қалыпты. Мұны естіген бай ерттеулі тұрған атына міне салып, жігітті желіні айнала сабап, қызыл қанға бояйды. Ауыр жарақаттан жігіт әзер жазылады. Кеудесін кек кернеген ол, бұл байға қызмет

етпеуге бел буады. Бай баласының ел арасындағы бәйгеге жаратып отырған бәйге қоңыр атын мініп, Балқашты бетке алып тартып береді. Ертеңіне ізіне түсіп қуған қуғыншыларға қарасын көрсетпей, таңдайды кептірген аңызак пен шөлге де қарамай елсіз даламен кете береді. Үшінші күн дегенде жігіт те, аты да қалжырайды. Бірақ көз ұшындағы жалғыз шоқыны бетке алып, тоқтамай жүре береді. Бірақ жігіттің үміті болған шоқы маңайынан су табылмайды. Ат бұдан әрі шөлден сілесі қатып, сол жерге жата кетеді. Сөйтіп ол сол жерге мәңгі тас болып қатып қалады. Жер атауы да осы аңызға байланысты аталған дейді.

Қоңырат кенішінен он бес шақырым жерде «Көзді қак» деген жер бар. Осы «Көзді қак» жөнінде ел аузында мынандай аңыз бар. Ертеде осы аймақты мекендеген бір байдың жалшы әйелдерінің бірінде ата-бабасынан ауысып келе жатқан асыл тастары болыпты. Әйел ол тастарды ерекше қадірлеп, жанға көрсетпей, келер ұрпағына бермек болып ұстапты. Көп жылдар өтеді, әйел қартаяды. Бір күні тезек теріп жүріп, етегіне шалынып, түйіншектегі асыл тастарын шашып алады. Не ата-бабасы, не өзі, не ұрпағы қызығын көрмей текке құрыған асыл тастарын уайымдап, әйел жерді шұқылап жылай беріпті. «Тым болмаса осы асыл тастарым нашардың қамын ойлайтын әділетті, адал жанға кез қыл», – деп тілейді. Әйелдің зарлы үні Жер-Ананың тамырын босатып, көз жасы жер қыртысына қорғасындай сіңіп жер асты суларымен ұласыпты. Содан бері жаңағы жердің суы жер бетіне шығып жататын болыпты. Аңыздың айтуы бойынша сол жерден шығып жатқан молибден кені сол әйелдің асыл тастары болса керек. Бірнеше жүздеген жылдар бойы сол маңайдағы бар асылды өз бойына тарта беріпті де үлкен кен орнына айналыпты-мыс [7, 29].

Қорытынды

Орталық Қазақстан өңірінің, оның ішінде Ақтоғай ауданы топонимдеріне қатысты аңыздар өте көп. Алайда оларға арқау болған оқиғалар желісі тек аталған өңірдің, ауданның тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайларына ғана қатысты болады. Яғни топонимдік аңыздардың өзі белгілі бір дәрежеде ареалды жүйеге негізделіп, сол аудан, аймақ ерекшеліктерін айқындауға қабілетті келеді. Әрі аңыздардағы халықтың дүниетанымы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, шаруашылық түрлері, тұрмысы мен әдет-ғұрпы, тағы басқа экстралингвистикалық факторлары топоним номинациясына тікелей ықпал ете алады. Яғни кейбір топонимдер номинациясы мен этимологиясын белгілі бір аңыз желісінің зерттеудің көп нәтиже бермейтініне осы айтылған жайлар дәлел. Жоғарыда сөз болған Ақтоғай ауданы топонимдеріне қатысты айтылған топонимикалық аңыздар мен деректердің белгілі бір аймақ топонимдері этимологиясын қарастыруда ғылыми этимологияға қосымша мәліметтер беретінін байқадық.

Жоғарыда аталған топонимдерге байланысты аңыздар желісінен аңыздар мен топонимдер этимологиясы арасында мағыналық, атаулық байланыстар бар екендігін байқаймыз.

Жалпы топонимдерге байланысты аңыздар, оларды зерттеуде ғылыми түрде зерттелген, дәлелденген дерек бермесе де, жергілікті халықтың ой-арманы мен мақсат-мүддесінің, белгілі бір жерге атау берудегі халықтың көрегендігі мен байқампаздығының көрінісі болып табылады.

Кез-келген өлкенің атаулары – сол жерді мекендеген тұрғылықты халықтың рухани, мәдени өмірінің, дүниетанымы мен қоршаған ортамен қарым-қатынасының көрінісі. Себебі ол атаулар кездейсоқ қойылмайды, белгілі бір белгіге, ұқсастыққа негізделіп аталады. Жоғарыда келтірілген аңыздар да ел тарихы, жер тарихы туралы нақты дерек бермесе де, тұрғылықты халық дүниетанымы мен өлкетануының дәлелі болып табылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жубанова, А., Жубанов, Е.** Топонимиялық деректердегі аңыз бен ақиқат. Қазақ ономастикасының мәселелері [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1986. – 45 б.

2 **Каскабасов, С. А.** Казахская несказочная проза [Мәтін]. – Алма-Ата : Наука КазССР, 1990. – 156 б.

3 **Жарылғанов, М.** Ақтоғай – алтын бесігім [Мәтін]. – Алматы, 1990. – 5 б.

4 **Шайхы, А.** Жалаңтөс батыр [Мәтін]. – Жезқазған, 1996. – 12, 17 б.

5 **Жартыбаев, А.** Орталық Қазақстан аймақтық топонимиясының өзекті мәселелері [Мәтін]. – Алматы, 2009. – 120 б.

6 **Марғұлан, А.** Ежелгі жыр-аңыздар / құрастырған Р. Бердибаев [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1985. – 368 б.

7 **Әбдуақасұлы, Т.** Ата-мекен жайлы бірер сөз [Мәтін]. – Алматы, 1991. – 29 б.

8 **Аршабеков, Т. Т.** Қарағанды облысы топонимдері [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 382 б.

9 **Бөрібаева, Г.** Қарапайым метатілдік сана бейнесіндегі топонимдік рефлексия: философия докторы атағын алу үшін дайындалған диссертация [Мәтін]. – Алматы : әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, 2018. – 112 б.

10 **Жанұзақ, Т.** Тарихи жер-су аттарының түптөркіні [Мәтін]. – Алматы, 2010. – 13 б.

References

- 1 **Zhubanova, A., Zhubanov, E.** Toponimialyq derekterdegi anyz ben aqiqat. Qazaq onomastikasynyn maseleleri [Legend and truth in toponymic sources. Problems of Kazakh Onomastics] [Text]. – Almaty : Science, 1986. – 45 p.
- 2 **Kaskabasov, S. A.** Kazahskaia neskazochnaia proza [Kazakh non-fabulous prose] [Text]. – Alma-Ata : Science of the Kazakh SSR, 1990. – 156 p.
- 3 Zharylgapov, M. Aqtogai – altyn besigim [Aktogay – the golden cradle] [Text]. – Almaty, 1990. – 5 p.
- 4 **Shayhi, A.** Jalantos batyr [Zhalantos batyr] [Text]. – Zhezkazgan, 1996. – 12, 17 p.
- 5 **Zhartybaev, A.** Ortalyq Qazaqstan aimaqtyq toponimiasynyn ozekti maseleleri [Actual problems of regional toponymy of Central Kazakhstan] [Text]. – Almaty, 2009. – 120 p.
- 6 **Margulan, A.** Ejelgi jyr-anyzdar [Ancient songs-legends] [Text] / compiled by R. Berdibayev. – Almaty : Writer, 1985. – 368 p.
- 7 **Abduakasuly, T.** Ata-meken jaily birer soz [A word about the native land] [Text]. – Almaty, 1991. – 29 p.
- 8 **Arshabekov, T. T.** Qaragandy oblysy toponimderi [Toponyms of the Karaganda region] [Text]. – Nur-Sultan, 2020. – 382 p.
- 9 **Boribaeva, G.** Qarapaym metatildik sana beinesindegi toponimdik refleksia: filosofia doktory atagyn alu ushin дайындalган disertasia [Toponymic reflection in the form of a simple metalanguage consciousness: dissertation for the degree of PhD] [Text]. – Almaty : Kazakh National University, 2018. – 112 p.
- 10 **Januzaq, T.** Tarihi jer-su attarynyn tuptorkini [The origin of historical place names] [Text]. – Almaty, 2010. – 13 p.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

*Г. Б. Жумадилова¹, Ж. К. Сағынтаева², А. П. Шаһарман³

¹Центрально-Казахстанская академия,
Республика Казахстан, г. Караганда;

²Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

ПРОЯВЛЕНИЕ ЛЕГЕНД В ТОПОНИМАХ АКТОГАЙСКОГО РАЙОНА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Легенды являются одним из ценных жанров народной литературы, раскрывающих историю населенных пунктов и географических мест нашей страны. Таких объектов, требующих историко-филологического исследования, в нашей стране немало. Через этот жанр можно увидеть индивидуальность и менталитет каждого народа. В этом и заключается актуальность изучения данной темы.

В статье рассматривается этимология топонимов Актогайского района Карагандинской области и их проявление в народных преданиях. Подробно описаны существование, быт и обычаи данной местности. Через изучение топонимии отражались и накапливались как наследие для будущего образ жизни, самобытное положение, духовное богатство казахского народа. Определены и собраны история и происхождение многих легенд, связанных с топонимикой Актогайского района, родины многих индивидуальных талантов. Были сгруппированы исторические личности, которые там родились и жили. Актогайский район является родиной трех вождей Алашорды, выдающихся сыновей казахского народа Алихана Бокейханова, Жакыта Акбаева, Алимхана Ермекова, также из золотого недра Актогая вышли многие известные бии, батыры, ораторы и певцы. С данным местом тесно связаны имена многих знаменитых лиц страны. В данном регионе есть названия некоторых мест, история которых до сих пор не раскрыта, поэтому в данной статье из разных источников были собраны легенды, опрошены старейшины региона, записаны с их слов рассказы и легенды, связанные с географическими названиями района. В статье, наряду с определением названий топонимики Актогайского региона, признаются отличительные черты и понятия, обычаи нашего народа,

его героизм, щедрость, патриотизм, братство, доброта. Из сети легенд, связанных с земельно-водными названиями, можно проследить смысловые, номинационные связи между мифами и этимологией топонимов. Можно сказать, что содержание легенд и этимология названия топонимов взаимосвязаны.

Ключевые слова: топонимы, географические названия, топонимические легенды, древняя устная литература, этимология

*G. B. Zhumadilova¹, Zh. K. Sagyntayeva², A. P. Shaharman³

¹Central Kazakhstan Academy,
Republic of Kazakhstan, Karaganda;

²Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 13.03.23.

THE MANIFESTATION OF LEGENDS IN THE TOPONYMS OF THE AKTOGAY DISTRICT OF THE KARAGANDA REGION

Legends are one of the valuable genres of folk literature that reveal the history of settlements and geographical places of our country. There are a lot of such objects requiring historical and philological research in our country. Through this genre, you can see the individuality and mentality of each nation. This is the relevance of studying this topic.

The article examines the etymology of toponyms of the Aktogay district of the Karaganda region and their manifestation in folk legends. The existence, life and customs of this area are described in detail. Through the study of toponymy, the lifestyle, original position, and spiritual wealth of the Kazakh people were reflected and accumulated as a legacy for the future. The history and origin of many legends related to the toponymy of the Aktogay district, the birthplace of many individual talents, have been determined and collected. Historical figures who were born and lived there were grouped. Aktogay district is the birthplace of three leaders of Alashorda, outstanding sons of the Kazakh people Alikhan Bokeikhanov, Zhakyp Akbayev, Alimkhan Ermekov, also many famous biys, batyrs, orators and singers are of noble Aktogay origin. The names of many famous people of the country are closely connected with this place. There are names of some places in this region whose history has not yet been disclosed, so in this article legends were collected from various sources, elders of the region

were interviewed, stories and legends related to the geographical names of the area were recorded from their words. In the article, along with the definition of toponymic names of the Aktogay region, the distinctive features and concepts, customs, customs of our people, their heroism, generosity, patriotism, brotherhood, kindness are given. From the network of legends associated with land and water names, it is possible to trace semantic, nominational connections between myths and the etymology of toponyms. It can be said that the content of legends and the etymology of the names of toponyms are interrelated.

Keywords: toponyms, geographical names, toponymic legends, ancient oral literature, etymology.

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz